

Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3/30 "Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 28 қазандағы № 9/78 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 қарашада № 25244 болып тіркелді

Приозерск қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 3/30 "Приозерск қаласы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін бекіту туралы" (нормативтық құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6296 болып тіркелген), шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 68 бабының 3), 9), 11) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы "Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" № 1054 Қаулысына, "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты ШЕШТІ:";

көрсетілген шешімнің 1, 2 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

Б. Сарсембеков

Приозерск қалалық мәслихатының
2021 жылғы 28 қазандағы
№ 9/78
шешіміне 1 қосымша

Приозерск қалалық мәслихатының
2021 жылғы 30 наурыздағы
№ 3/30 шешіміне 1 қосымша

Тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10%, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10 % дейін, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Приозерск қалалық мәслихатының
2021 жылғы 28 қазандағы
№ 9/78 шешіміне 2 қосымша

Приозерск қалалық мәслихатының
2021 жылғы 30 наурыздағы
№ 3/30 шешіміне 2 қосымша

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

№	Атауы
1.	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
2.	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар
3.	Толық емес отбасылар